Орталық балалар кітапханасы
Казахстанская –11
Тел:93-43-13
Факс: 93-43-13
Түзуші: Умирбаева.Д.Н

Теміртау қаласы әкімдігінің
Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ
Орталық балалар кітапханасы

# Адамдардың жанына қуаныш әкелу



Сәкен СЕЙФУЛЛИН
(1894-1938)

2014

**Сәкен Сейфуллин**

Сәкен (шын аты Сәдуақас) қазіргі Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында туған.

1913-1916 жылдар арасында ол Омбы мұғалімдер семинариясының студенті болған.

Әр түрлі қоғамдық саяси қызмет атқара жүріп сәкен қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан. «Өткен күндер», «Домбыра», «Экспресс», «Советстан», «Альбатрос»- өлең, поэмалары—бұқара көкейіне қонған, ақынға өлмес атақ, өшпес даңқ әперген шынайы шығармалары.

*Ал, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар», пьесалары мен «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық драма мен көркем проза жанрының ірге тасын қалаушылардың бірі болған.*







***Көкшетау***

***Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,***
***Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.***
***Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,***
***Жүреді біліп кетіп есен-сауын.***

***Сексен көл Көкшетаудың саясында,***
***Әрқайсы алтын кесе аясында.***
***Ауасы дертке дауа, жұпар иісін,***
***Көкірек қанша жұтсаң тоясың ба?***

***Ырғалған көкке бойлап қарағайы,***
***Қасында көк желекті әппақ қайың,***
***Жібектей желмен шарпып төңіректі,***
***Балқытып мас қылады иіс майы***

